

«Бекітемін»
Мектеп директоры
_____ М.Б.Уалиева

*Қарашілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің
«Рухани жаңғыр» бағдарламасын іске асыру барысында тәрбиенің
тұжырымдамалық негіздері бойынша жасалған
сыныптан тыс және мектептен тыс
тәрбие жұмысының
2022-2023 оқу жылына арналған
Ж О С П А Р Ы*

Тәрбие мәселесі:

***«Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар
негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға
тәрбиелеу»***

Тәрбиенің мақсаты, міндеті мен қағидаттары

Тәрбиенің мақсаты: рухани байлықты, моральдық тазалықты, дене бітімін жетілдіруді, бәсекеге қабілеттілікті, прагматизмді, ұлттық сәйкестікті, білімнің табынуын, эволюциясы мен сана-сезімінің ашықтығын, әлеуметтік рөлдердің жүйесін толықтай орындауға қабілетті, ХХІ ғасырдың лайықты өмірін қалыптастыруға қабілетті жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

Тәрбиенің міндеттері:

- 1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым және практикалық жетістіктер негізінде тұлғаның дамуы мен құруды қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайларды жасау;
- 2) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене бітімдік қабілеттерін дамыту, моральды, салауатты өмір салтын нығайту негіздерін қалыптастыру, жеке тұлғаны дамыту, сыни ойлау және функционалдық сауаттылықты (компьютерлік, цифрлық, математикалық, жаратылыстану, оқу сауаттылығын) дамыту үшін жағдай жасауда өзбетінше шешім қабылдау проблемалары арқылы интеллектіні байыту;
- 3) Қазақстан Республикасының Отанға деген махаббатын, азаматтылықты және отансүйгіштікті тәрбиелеу, мемлекеттік символдар мен ұлттық дәстүрлерге деген құрмет, кез келген конституцияға және қоғамға қарсы жағдайларда қарсылық таныту;
- 4) еліміздің қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, тұлғаның өз құқығын және міндетін сезінуді қалыптасу;
- 5) отандық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне қосылу; қазақ халқының және басқа да халықтардың тарихын, салт-дәстүрін зерттеу; мемлекеттік, ресми және шет тілдерін білу;
- 6) психологиялық-педагогикалық құзыреттілікті және ата-аналардың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігін арттыру, жастарды дені сау отбасын құруға даярлау, отбасы институтын нығайтуда саналы атсалысу;
- 7) әлеуметтік маңызы бар балалық, отбасылық және ата-аналық бастамаларды, балалардың қоғамдық бірлестіктерінің қызметін дамыту және қолдау;
- 8) тұлғаның экономикалық ойлауын дамыту және кәсіби қалыптасуға саналы қатынасын және өзін-өзі жетілдіруге; табиғатты сақтауда белсенді азаматтық жағдайды; экологиялық сауаттылықты және мәдениетті ұстану;
- 9) бала тәрбиесінде жалпы және қосымша білім беружүйесінің рөлін арттыру; сондай-ақ, денешынықтыру және спорт, мәдениет саласындағы ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыру;
- 10) бала тәрбиесі саласындағы ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру;

11) балалардың ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыру.

Тәрбие қағидаттары: Тәрбие міндеттерін шешу барысында келесі қағидаттары мақсатты түрде пайдаланған дұрыс: табиғат сәйкестігі қағидаты, гуманизация қағидаты, үздіксіздік қағидаты, мәдени сәйкестік қағидаты, этникалық қағидаты, қызметтегі және қызмет арқылы тәрбие қағидаты, субъективтік қағидаты, педагогикалық қарым-қатынасты дербестендіру қағидаты, полисубъектілік қағидаты, диалогтілік қағидаты, белсенділік қағидаты принципі, талаптылығы жоғары тұлғаны құрметтеу қағидаты, жетістікті қамтамасыз ету қағидаты принципі, позитивке сүйену қағидаты, білім алушылардың кері және жеке ерекшеліктерін есепке алу қағидаты принципі, ұжымда және ұжым арқылы тәрбиелеу қағидаты, тәрбие әрекеті өмірмен және өнеркәсіптік практикамен байланысының бірлік қағидаты, балалардың өмірін эстетизациялау қағидаты, оқушылардың бастамасы мен тәуелсіздігінің дамуымен педагогикалық басқаруды біріктіру қағидаты, жалпыға ортақ адами құндылықтардың қағидаты, білім берудің рухани-адамгершілік дәстүрлері мен ұлттық және әлемдік мәдениеттің нормаларына негізделуі керек екендігін көрсетеді.

2022-2023 оқу жылында білім беру ұйымдарында мынадай жобалар іске асырылатын болады:

- 1) «Отбасы-орта мектеп»,
- 2) «Оқуға құштар мектеп»,
- 3) «Еңбек – елдің мұраты»,
- 4) «Ерте жастан экологиялық мәдениет»,
- 5) «Қоғамға қызмет»,
- 6) «Психологиялық қызмет және мектептегі татуласу қызметтерін ұйымдастыру»,

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттары:

- 1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
- 10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

ТҮСІНІК ХАТ

Қарашілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің 2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Оның негізгі идеясы Абайдың «Толық адам» рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесі болып танылады. «Толық адам» тұлғалық жеке қасиеттері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында, Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» және «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» бағдарламалық мақалаларында және басқа да мемлекеттік тұжырымдамаларда айқындалған құндылықтар мен басымдықтарды жеке тұлғаны тәрбиелеудің бірегей жүйелік тәсілімен қамтамасыз ету үшін біріктіреді. Сонымен қатар жоспар құру барысында 2022-2023 оқу жылына арналған «Әдістемелік нұсқау хатында» көрсетілген атаулы даталар, ұсынылған жобалар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасына сәйкес тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқытуды ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарланған, функционалдық сауаттылық дағдылары бар және оны қоршаған болмыста бәсекеге қабілетті бола алатын білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру ортасын құру басшылыққа алынды.

Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрдегі бірлескен жұмыс

Тәрбие жұмысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясындағы тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерінде көрсетілген төмендегідей бағыттар бойынша жоспарланып, жүргізіледі:

1. Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;
2. Рухани-адамгершілік тәрбие;
3. Ұлттық тәрбие;
4. Отбасылық тәрбие;
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;

6. Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;
7. Көпмәдениеттілік және көркем-эстеттикалық тәрбие;
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ Тәрбие тұжырымдамасының сегіз бағытын «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының жеті құндылығымен ұштастыра отырып жүзеге асырылады.

7 басты құндылығымыз:

1. Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы.
2. Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім.
3. Зайырлы қоғам және жоғары руханият.
4. Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім.
5. Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы.
6. Тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы.
7. Еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы

Негізгі басым бағыттарға қоса оқушы өмірінің қауіпсіздігі, балалар мен жасөспірімдердің теріс діни ағымдарға тартылуының алдын алу, балалар мен жасөспірімдер бойында позитивті өмірлік ұстаным қалыптастыру, кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың және қылмыстың алдын алу, оқушылардың өзін-өзі басқару органы мен жұмысын ұйымдастыру, оқушылардың жазғы еңбек практикасын және сауықтыру демалысын ұйымдастыру, тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша сынып жетекшілерімен әдістемелік жұмыс, тәрбие жұмысын бақылау, тәрбие жұмысы жүйесінің мониторингілеу жұмыстары жоспарланды.

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта жүзеге асады.

І жартыжылдық

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
I. Тәрбиені нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету				
1	Қазақстан Республикасының Конституциясы	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
2	«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
3	Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
4	«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
5	«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
6	«Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заңы;	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
7	2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
8	«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы;	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі

II. Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету				
1	Рухани жаңғыру бағдарламасы Мәңгілік Ел бағдарламасы	ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
	ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 бағдарламасы	ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
2	2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хат	ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
3	Рухани жаңғыру бағдарламасы Мәңгілік Ел бағдарламасы	ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі

III. Іске асыру тетіктері: тәрбиенің басым бағыттары бойынша іс-шаралар

- 1. Бағыты:** жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие
Мақсаты: балалар мен жастардың патриоттық сана-сезімі мен өзіндік сана-сезімін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, олардың құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	➤ Білім күніне «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» атты салтанатты жиын және сынып сағаттарын өткізу. ➤ «Назар аударыңыз балалар!» онкүндігі. ЖЖЕ бойынша сыныптарда іс-шаралар өткізу (жеке жоспар бойынша) ➤ «Қауіпсіз мектеп автобусы» республикалық акциясын өткізу ➤ Адалдық сағатын өткізу ➤ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздеріне – 30 жыл» стенд рәсімдеу және әр дүйсенбі сайын әнұран айту ➤ «Мектептегі мінез-құлық ережелері» (Мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру) ➤ Өрт қауіпсіздігі бойынша эвакуациялық жаттығу жұмысы ➤ Терроризм және діни экстремизмнің алдын алу мақсатында «Ақпарат» тақтасын жаңарту ➤ Мәншүк Мәметованың 100 жылдығына орай ерлік сабақтарын өткізу	Салтанатты жиын, сынып сағаттарын өткізу, арнайы тақырыптарда әлеуметтік желілерде бейнероликті орналастыру; Бейнематериалдар көру ҚТ өткізу, сынып сағаттарын өткізу Өзін-өзі басқару комитетінің отырысын өткізу	ТІ жөніндегі орынбасар Аға тәлімгер, сынып жетекшілері Аға тәлімгер сынып жетекшілері	1 қыркүйек 2-16 қыркүйек үнемі 23 қыркүйек 21 қазан 25 қазанға

	➤ Республика күніне арналған іс-шаралар (жеке жоспар бойынша) ➤ «Жас Қыран», «Жас Ұлан» БЖҰ –на оқушыларды салтанатты түрде қабылдау ➤ Қазақстан Республикасы тәуелсіздігі күніне арналған «Тәуелсіз Қазақстан – Ұлы Дала елі» (жеке жоспар бойынша)		Аға тәлімгер сынып жетекшілері	дейін желтоқсан
--	---	--	---------------------------------------	------------------------

2. Бағыты: рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін "Рухани жағырудың" құндылық негіздері туралы терең түсінік қалыптастыру; "Өзін-өзі тану" негізінде рухани-адамгершілік тәрбие беру.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
2	➤ «Мектепке жол», «Мектепке жиналуға көмектес» және «Адамдарға қуаныш сыйла!» қайырымдылық акциясы ➤ «Буккроссинг» бұрыштарын жандандыру ➤ «Тағзым етеміз, ұлағатты ұстаздар!» мұғалімдер күніне арналған құттықтаулар ➤ Өзілхан Нұршайықовтың 100 жылдығына арналған іс-шара ➤ Роза Бағланованың 100 жылдығына арналған іс-шара ➤ Талғат Бигелдиновтің жылдығына арналған іс-шара	Ақпарат, әлеуметтік желілерде, сайтта фото, видео орналастыру; 20 минуттық кітап оқу 20 минуттық ән тыңдау Ерлік сабақтары	ТІ жөніндегі орынбасар Кітапханашы Аға тәлімгер	тамыз-қыркүйек қазан қазан қараша желтоқсан

3. Бағыты: ұлттық тәрбие

Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, мемлекеттік тілге, Қазақстан халқының мәдениетіне құрмет көрсетуге бағыттау.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
3	➤ «Мемлекеттік тіл – менің тілім» атты тілдер апталығы аясында Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған іс-шаралар циклын өткізу (жеке жоспар бойынша)	Конференция, дөңгелек үстел, жоспарға сәйкес іс-шараларды жүзеге асыру	ТІ жөніндегі орынбасар, сынып жетекшілері	5.09-16.09.22

4. Бағыты: Отбасылық тәрбие

Мақсаты: неке және отбасы мүшелерін құрметтеу құндылықтарын тәрбиелеу; отбасылық культ; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылықтары; отбасы мен достарына деген адалдық; отбасылық дәстүрлер; жәдігерлер мен әдет-ғұрыптарды құрметтеу; ана болудың қасиеттілігі; сезім құндылықтары - сүйіспеншілік, адалдық, достық, ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мен балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау
---	------------------------	---------------	------------	---------

				мерзімі
4	➤ «Мерейлі отбасы» ұлттық отбасы күніне арналған іс-шаралар өткізу(арнайы жоспар) ➤ Бала тәрбиесіндегі отбасы ролін көтеру. «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасы аясында мектепте «Отбасы клубы» жұмысын жалғастыру ➤ Қарттар мен ұстаздар күніне орай қабырға газетін, видео-ролик түсіру ➤ «Отбасы-мектеп» ата-аналар қауымын жаңа жылдық мерекелерді және қысқы каникулды қызықты өткізуге, бірлескен экскурсияларға тарту	Сынып сағаттар, дөңгелек үстел, спорттық ойындар, ата-аналар жиналыстарын өткізу Ата-аналармен бірлескен жұмыс	ТІ жөніндегі орынбасар, Аға тәлімгер, сынып жетекшілері сынып жетекшілері	7.09-15.09 Қазан желтоқсан

5. Бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы қатынасты қалыптастыру, жеке тұлғаның экономикалық ойлауы мен экологиялық мәдениетін дамыту, қайталанбас құндылық ретінде табиғатты сүю; кіші Отан ретінде туған табиғатқа деген сүйіспеншілік.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
5	➤ «Алтын Қазына» сәндік қолданбалы өнер сайысын өткізу ➤ «Таза бейсенбілік» еңбек десанттарының жұмысы ➤ «Біз таза ауыл үшін!» ауыл тұрғындарына онлайн үндеу хат тарату ➤ «Қоқыссыз әлем» бейнебаян түсіру ➤ «Алтын күз» мерекесі. «Күздің кереметі» сурет сайысы ➤ 15 қараша-Ұлттық валюта күні. «Теңге – Тәуелсіздік келбеті» «Ұлттық валютамыз –тәуелсіздігіміздің көрсеткіші» тәрбие сағаттары ➤ «Құстарға үйшік» операциясы ➤ Аяз атаның шеберханасы.	Аудандық сайысына қатысу Сенбілікке шығу Тәрбие сағаттарын өткізу Қабырға газетін рәсімдеу	Сынып жетекшілері, технология мұғалімі аға тәлімгер, кітапханашы	12-13 қазан Қазан Қараша Желтоқсан

6. Бағыты: Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу

Мақсаты: әр адамның интеллектуалдық мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетті, соның ішінде балалардың кибер мәдениеті мен кибер гигиенасын дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
6	➤ Қазақстан халқы тілдерінің күніне арналған «Қазақ тілім - байлығым» атты сурет байқауын өткізу (5-6 сыныптар) ➤ Қазақстан халқының тілдер күніне орай «Тіл мәртебесі -ел мәртебесі» шығармашылық жұмыстар байқауын өткізу (9-11 сыныптар) ➤ Мектептің өзін-өзі басқару президентін сайлау өткізу	Әлеуметтік желілерде, сайтта фото, видео орналастыру Парламент президентін	Көркем еңбек мұғалімі ГЦ пәндерінің мұғалімдері	12.09 23 қыркүйек

	➤ «Интернеттегі қауіпсіздік» атты киберқауіпсіздік, кибер гигиена және кибермәдениет бойынша семинар өткізу ➤ «Дыбыс сыры» атты мектепшілік байқау өткізу ➤ «Менің елім» балалар сурет көрмесіне өткізу	сайлау Аудандық хор байқауына қатысу Аудандық балалар сурет көрмесіне қатысу	Музыка пәні мұғалімі	Қазан 21 қазан 7-15 желтоқсан
--	---	--	----------------------	---

7. Бағыты: көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде "Ұшқыр ой алаңы" мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы" жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру, эстетикалық талғам мен сезімнің эстетикалық санасын, халықтардың ұлттық мәдениеттері құндылықтарына көркемдік-эстетикалық сезімталдықты қалыптастыру.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
7	➤ «Театрдың ғажайып әлемі» театр фестивалін өткізу ➤ Аудандық пікірсайыс турниріне қатысу ➤ «Күзгі вернисаж - 2022» сурет көрмесін өткізу (1-7сыныптар) ➤ «Жылдың тележүргізуші» сайысын өткізу	Аудандық театр фестиваліне қатысу Аудандық сурет көрмесіне қатысу Аудандық сайысқа қатысу	Аға тәлімгер, сынып жетекшілері	13 қазан 12-14 қазан 14 қазан 9 желтоқсан

8. Бағыты: дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене шынықтырудың құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастыру.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
8	➤ Республикалық акция «Денсаулық фестивалі» Денсаулық күнін өткізу (5-11 сыныптар) ➤ «Көңілді эстафета» отбасы күніне орай спорттық ойын өткізу (0-4 сыныптар) ➤ Қыздар күніне арналған «Әдепті адам – әдемі адам» тақырыбында дөңгелек үстел өткізу (11.10) ➤ Нашақорлықпен күрес бойынша айлықтың іс-шараларын өткізу ➤ ЖҚТБ-ға қарсы күрес күніне орай «Қымбат маған өмірім» байқау өткізу ➤ АҚТҚ/ЖҚТБ-ға қарсы күрес күніне орай арналған агитбригада аудандық сайысына өткізу ➤ Бүкіләлемдік ЖИТС-қа қарсы күрес күні. «Зиянды әдеттерге «Жоқ» дейміз!» сынып сағаты	Спорттық ойындар өткізу Сауалнама алу Аудандық сайыстарға қатысу Брошюралар жасап, тарату	Дене шынықтыру мұғалімдері Медицина қызметкерлері мен кездесу	2-7 қыркүйек 9 қыркүйек 11 қазан қараша желтоқсан

	➤ «Дұрыс тамақтану-болашақ ұлт денсаулығын сақтау» «Салауатты Қазақстан» акциясы (жеке жоспар бойынша)			
--	---	--	--	--

Қаңтар

- *Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Д.А.Қонаев - 110жаста;*
- **ҚЫСҚЫ ДЕМАЛЫС**

Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімдері
1.Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие Мақсаты: Отанға ұтымды және эмоционалды қарым-қатынасы, мемлекет пен қоғамның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар патриот пен азаматты қалыптастыру.	«Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы ❖ «Жемқорлықтың дамуына әсер ететін факторлар мен себептер» ❖ «Жемқорлықтың тарихи тамыры» ❖ «Адалдық жүрген жерде, адамдық жүреді»	Дебат клубының жетекшісі Дебат қозғалысының фракциясы Аға тәлімгер «Адал ұрпақ» клубы	
2.Рухани – адамгершілік тәрбие Мақсаты: тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарымен, нормалары мен дәстүрлерімен келісетін рухани-адамгершілік және этикалық қағидаларын, оның моральдық қасиеттері мен ұстанымдарын қайта жаңғырту түсінігін қалыптастыру.	«Оқуға құштар мектеп» жобасы ❖ «Мен суретшімін» бастауыш сынып оқушыларына арналған іс-шара	Сынып жетекшілері, Мектеп кітапханашысы	
3.Ұлттық тәрбие Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, ана тілі және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарына құрмет көрсетуге бағыттау.	«Дәстүр мен ғұрып» жобасы ❖ «Тату үйдің тамағы тәтті» бейнебаян дайындау	Сынып жетекшілері	Ай ішінде
4.Отбасы тәрбиесі	➤ «Отбасылық таланттар» ➤ «Отбасы-мектеп» ата-аналар қауымын қысқы	Сынып	Ай ішінде

Мақсаты: ата-аналарға білім беру, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.	каникулды қызықты өткізуге, бірлескен экскурсияларға тарту «Дәстүр мен ғұрып» жобасы ❖ Жаңа жылдағы біздің отбасылық дәстүріміз» бейнебаян дайындау ❖ «Менің отбасым – бақыттың мекені» бейнебаян дайындау	жетекшілері аға тәлімгер	
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, экономикалық ойлауды және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту.	«Дәстүр мен ғұрып» жобасы ❖ «Жаңа жылдық қолөнер» аудандық сайысына қатысу	Технология мұғалімі сынып жетекшілері	Ай ішінде
6.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі Мақсаты: әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетті дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру	«Оқуға құштар мектеп» жобасы ➤ Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай «Бірге кітап оқиық!» эстафетасы	Мектеп кітапханашысы	
7.Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие Мақсаты: жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, білім беру ұйымдарында көп мәдени орта құру.	«Дәстүр мен ғұрып» жобасы ➤ «Оқушы мен ұстаз мәдениеті» дөңгелек үстел		
8.Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты Мақсаты: салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтай білу үшін кеңістік құру	➤ «Қызықты қыс» спорттық ойындар	Дене шынықтыру мұғалімдері	
Мектепте және сыныпта өзін-өзі басқару	❖ Белсенділер отырысы ❖ II тоқсан қорытындысы	ТІ жөніндегі орынбасар, Аға тәлімгер	Екінші апта
Әдістемелік жұмыс	❖ Жаңа жылдық мерекені өткізу бойынша отырысы ❖ Сынып жетекшілер ӘБ-нің отырысы	ТІ жөніндегі орынбасар, Аға тәлімгер	Төртінші апта
Үйірмелер мен секциялардың жұмысы	❖ Қысқы каникулға үйірме, секция жұмысының жоспары	Үйірме, секция жетекшілері, ТІ жөніндегі орынбасар	Төртінші апта

Тәрбие үдерісін бақылау	1) Сынып жетекшілері тәрбие жұмыстарының жоспарларын тексеру және анализі	ТІ жөніндегі орынбасар	Төртінші апта
-------------------------	---	------------------------	---------------

Ақпан

Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімдері
1.Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	❖ «Ауғанстан – біздің естелігіміз бен қасіретіміз» іс –шаралар циклы ❖ «Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы ❖ «Балалар қылмысы:ұрлық пен бопсалау»	ТІ жөніндегі орынбасар АӘД пәнінің мұғалімі сынып жетекшілері аға тәлімгер	Ай ішінде Үшінші апта
2.Рухани – адамгершілік тәрбие	«Оқуға құштар мектеп» жобасы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай «Ұлтымыздың ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы» эссе жазу	Сынып жетекшілері аға тәлімгер, кітапханашы	Ай ішінде
3.Ұлттық тәрбие	❖ «Ұлылықтың отын жаққаншырақшы» Ахмет Байтұрсынұлының ерліктері туралы деректі фильмдер	Сынып жетекшілері	Ай ішінде
4.Отбасы тәрбиесі	«Дәстүр мен ғұрып» жобасы ❖ «Бақытты отбасы-зорлық зомбылықсыз әлем» әңгіме, кеңес ❖ Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында «Сүйіспеншілік пен шығармашылық педагогикасы» онкүндігі	ТІ жөніндегі орынбасар Сынып жетекшілері Педагог-психолог	Ай ішінде

5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	➤ «Қайда барып оқуға болады?» кәсіптік бағыт-бағдар беретін жұмыс циклы (әңгімелесу мен диагностика жасауға дейін)	Сынып жетекшілері Педагог-психолог	Ай ішінде
6.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	➤ «SMART бала – 2022” сайысын өткізу	Әкімшілік	Жоспар бойынша Үшінші апта
7.Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие	➤ Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында «Қазақстанның рухани киелі, қасиетті жерлері» бейне баяндар көру	Сынып жетекшілері	Бірінші апта
8.Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	➤ СӨС айлығының аясында «Мен және менің денсаулығым» сауалнама алу ➤ СӨС айлығының аясында «Насыбай пайдалануының алдын алу» ➤ «Сақ болыңыз: нашақорлық!» әңгіме өткізу	Педагог-психолог Мектеп медбикесі Сынып жетекшілері	Ай ішінде
Мектепте және сыныпта өзін-өзі басқару	❖ Белсінділер отырысы ❖ Кезекшілер есебі ❖ Рейд қорытындылары	ТІ жөніндегі орынбасар, Аға тәлімгер	Екінші апта Апта сайын Ай ішінде
Әдістемелік жұмыс	➤ Сынып жетекшілер ӘБ-нің отырысы ➤ Тәрбие жұмысының тақырыптары бойынша кеңес	ТІ жөніндегі орынбасар	Айына 1 рет үнемі
Үйірмелер мен секциялардың жұмысы	➤ Үйірме жұмыстарына қатысу	ТІ жөніндегі орынбасар	Ай ішінде
Тәрбие үдерісін бақылау	➤ Қатысқан сынып сағаттарының анализі ➤ Мектепшілік іс-шараларға сыныптардың қатысуы туралы анализ	ТІ жөніндегі орынбасар	отырыста

Наурыз - «Қазақстанның ұлттық дәстүрлері мен мәдениеті»

Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімдері
1.Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	❖ «Оқушылар арасындағы ұлтаралық қарым-қатынас бойынша құқық бұзушылықтың және экстремизмнің алдын алу» ❖ «Адалдық сағаты»	ТІ жөніндегі орынбасар аға тәлімгер музыка жетекшісі сынып жетекшілері	1.03 7.03 20.03 Үшінші апта
2.Рухани – адамгершілік тәрбие	❖ Аналар мерекесіне, Наурыз мейрамына арналған мәнерлеп оқу сайысы ❖ «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Телефонды таста, оқуды баста!» акция өткізу ❖ «Қош келдің, әз-Наурыз!» мәнерлеп оқу сайысы	ТІ жөніндегі орынбасар сынып жетекшілері аға тәлімгер мектеп кітапханашысы	Ай ішінде
3.Ұлттық тәрбие	❖ «Қош келдің, әз Наурыз!» шығарма, сурет сайысы ❖ Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында «Ұлттық fashion - 2022» «Ұлттық киім – ұрпаққа мұра» ұлттық стильде сән көрсету ❖ «Шежіре күні» «Батамен ел көгерер»	Аға тәлімгер ГЦ мұғалімдері	15-20.03
4.Отбасы тәрбиесі	❖ «Ұқсағым келетін жандар» (сынып сағаттары) ❖ «Ананың біз гүліміз» (ертеңгіліктер) ❖ «Көңілді старт» (ойын өткізу)	Сынып жетекшілері Дене шынықтыру мұғалімдері	Төртінші апта
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	❖ Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында «Мың алуан мамандық» атты дөңгелек үстел ❖ «Ең жасыл сынып» акциясын өткізу	Психолог Сынып жетекшілері	Ай ішінде

		Аға тәлімгер	
6.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	❖ 8 Наурызға, Наурыз мерекесіне арналған іс-шараларға қатысу	ТІ жөніндегі орынбасар сынып жетекшілері аға тәлімгер	Ай ішінде
7.Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие	❖ 1 наурыз – Алғыс айту күні «Алғыс – бұл ...» ❖ «Аналар мерекесіне, Наурыз мейрамына арналған концерттік бағдарлама өткізу, аудандық іс-шараларға қатысу	ТІ жөніндегі орынбасар аға тәлімгер сынып жетекшілері	7.03 20.03
8.Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	❖ Наурыз мерекесіне арналған спорттық ойындар өткізу ❖ «Жасөспірімдердің жыныстық тәрбиесі» тақырыбы бойынша «Жеке бас гигиенасы» атты дөңгелек үстел өткізу	сынып жетекшілері ТІ жөніндегі орынбасар Мектеп медбикесі	20-22.03 Екінші апта
Мектепте және сыныпта өзін-өзі басқару	❖ Белсінділер отырысы ❖ Кезекшілер есебі ❖ Рейд қорытындылары	ТІ жөніндегі орынбасар, Аға тәлімгер	Екінші апта Апта сайын Ай ішінде
Әдістемелік жұмыс	➤ Сынып жетекшілер ӘБ-нің отырысы ➤ Тәрбие жұмысының тақырыптары бойынша кеңес	ТІ жөніндегі орынбасар	Айына 1 рет үнемі
Үйірмелер мен секциялардың жұмысы	➤ Көктемгі демалысқа үйірме, секция жұмыстарының жоспарын құру	ТІ жөніндегі орынбасар	Ай ішінде
Тәрбие үдерісін бақылау	➤ Қатысқан сынып сағаттарының анализі	ТІ жөніндегі орынбасар	отырыста

Сәуір

Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімдері
1.Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	➤ «Адам аспанға самғады» (ғарышкерлер күніне орай іс-шаралар өткізу) ❖ «Балам бол, басқа бол – Заң біреу-ақ!» құқықтық сағаттар ❖ «Чернобыль апаты – кеше, бүгін, ертең...» сынып сағаттары	ТІ жөніндегі орынбасар аға тәлімгер сынып жетекшілері	12.04 Үшінші апта
2.Рухани – адамгершілік тәрбие	❖ «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Мектепке кітап сыйла!» акциясы	сынып жетекшілері аға тәлімгер мектеп кітапханашысы	Ай ішінде
3.Ұлттық тәрбие	❖ «Қазақстан – біздің ортақ үйіміз!» сурет сайысы ❖ Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында «Тарих мұрасы» конференция өтізу	Бейнелеу өнері мұғалімі Сынып жетекшілері	Ай ішінде
4.Отбасы тәрбиесі	❖ «Аналар клубы» жұмысы. «Мен тұратын үй» (бейнефильм)	Сынып жетекшілері Психолог	Ай ішінде
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	❖ «Табиғат бесігі» деректі фильм ❖ «Біз таза ауыл үшін» атты экологиялық сенбілікке шығу ❖ «Қанатты достарға көмек» акциясы	Сынып жетекшілері аға тәлімгер АӘД мұғалімі	Ай ішінде 22.04

	❖ Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында эвакуациялау жаттығу жұмысы		
6.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	❖ Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында «Менің қиялымдағы ғарыш» суреттер байқауы ❖ «Қауіпсіз интернет» дөңгелек үстел	Кітапханашы, ГЦ мұғалімдері сынып жетекшілері аға тәлімгер	Ай ішінде
7.Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие	❖ «Жер-Ана жыламасын!» сурет, шығарма сайысы ❖ Күлкі күніне орай КТК өткізу	«Жас Ұлан» ұйымының мүшелері ТІ жөніндегі орынбасар аға тәлімгер	Ай ішінде
8.Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	❖ «Темекі, вейп шегу – денсаулыққа зиян» әңгімелесу (бейнебаян) ❖ «Денсаулық маршы»	Медбике сынып жетекшілері	Екінші апта
Мектепте және сыныпта өзін-өзі басқару	❖ Белсінділер отырысы ❖ Кезекшілер есебі ❖ Рейд қорытындылары	ТІ жөніндегі орынбасар, Аға тәлімгер	Екінші апта Апта сайын Ай ішінде
Әдістемелік жұмыс	➤ Сынып жетекшілер ӘБ-нің отырысы ➤ Тәрбие жұмысының тақырыптары бойынша кеңес	ТІ жөніндегі орынбасар	Айына 1 рет үнемі
Үйірмелер мен секциялардың жұмысы	➤ Үйірме жұмыстарына қатысу	ТІ жөніндегі орынбасар	Төртінші апта
Тәрбие үдерісін бақылау	➤ Қатысқан сынып сағаттарының анализі ➤ Мектепшілік іс-шараларға сыныптардың қатысуы туралы анализ	ТІ жөніндегі орынбасар	отырыста

Мамыр

Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімдері
1.Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	❖ «Патриот» айлығы: ❖ «Бір шаңырақ астында» халықтар достығы фестивалі; ❖ Отан қорғаушылар күні (спорттық жарыстар, ән мен сап байқауы) ❖ «Ерлік сабақтары» ❖ «Бос уақытымызды пайдалы өткізейік!» Қараусыз қалу мен құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша кездесу өткізу	ТІ жөніндегі орынбасар АӘД пәнінің мұғалімі сынып жетекшілері аға тәлімгер	1.05 6.05 Ай ішінде
2.Рухани – адамгершілік тәрбие	➤ Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында «Ынтымақ галереясы» фотосайыс ➤ «Сыңғырла, соңғы қоңырау!» мерекесін өткізу	Кітапханашы Музыка пәнінің мұғалімі аға тәлімгер	Ай ішінде Ай ішінде
3.Ұлттық тәрбие	➤ Ән және сапта жүру байқауын өткізу ❖ «Құндылыққа негізделген білім беру бағдарламасы» аясында «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» жұмысы	ТІ жөніндегі орынбасар АӘД пәнінің мұғалімі Аға тәлімгер	6.05 үнемі
4.Отбасы тәрбиесі	➤ «Әкелер клубы» жұмысы. «Менің отбасымдағы Отан қорғаушылар» (сынып сағаттары, кездесулер, газет шығару) ➤ Халықаралық отбасы күнін атап өту «жоспар бойынша»	Сынып жетекшілері	5-8.05 15.05

5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	❖ «Өңірдің көркеюі – елімнің көркеюі» және «Бірге таза Қазақстан» айлығы ❖ «Менің жеке ағашым» акциясы ➤ Жұмыспен қамту мәселесі бойынша оқушылар ата-аналар әңгімелесу ➤ «Таза ауыл» марафоны	Сынып жетекшілері аға тәлімгер психолог	Үшінші апта
6.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	➤ «Жүргізуші! Жылдамдықты азайт!» флэшмоб ➤ ЖЖЕ –де каникул жоқ!» сынып сағаты	ТІ жөніндегі орынбасар сынып жетекшілері аға тәлімгер	Екінші апта
7.Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие	➤ Атаулы күндерге арналған шығарма, сурет, мәнерлеп оқу сайысын өткізу	ТІ жөніндегі орынбасар аға тәлімгер	Ай ішінде
8.Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	➤ Балалар жарақатының алдын алу онкүндігі ➤ Алғашқы көмек көрсету бойынша медбике дәрісі ➤ «Судағы қауіпсіздік» ТЖ мамандарымен әңгіме өткізу	Сынып жетекшілері	Екінші апта
Мектепте және сыныпта өзін-өзі басқару	➤ Кітап тексеру рейдін өткізу. ➤ Мектеп Ұланбасының ІІ жартыжылдықта атқарған жұмысы туралы есебі. Мектеп парламентінің отырысы	ТІ жөніндегі орынбасар, Аға тәлімгер	Екінші апта Апта сайын Ай ішінде
Әдістемелік жұмыс	➤ Сынып жетекшілер ӘБ-нің отырысы: «Жазғы демалыс-2022»	ТІ жөніндегі орынбасар	Айына 1 рет үнемі
Үйірмелер мен секциялардың жұмысы	➤ Үйірме, секция жұмыстарының анализі	ТІ жөніндегі орынбасар	Төртінші апта
Тәрбие үдерісін бақылау	➤ Тәрбие жұмысының жылдық анализі	жөніндегі орынбасар	отырыста ТІ

